Күй тарихы

Күй тарихы – ел мен жер, ұлт жады тарихының бөлігі. Қайбір қордалы шығарма болсын алуан себептен, алабөтен оқиғадан бастау алып, соңына аңыз қалдырып отырған.

Батырхан СӘРСЕНХАН,
«Egemen Qazaqstan»

Махамбет күйлері ақынның болмысындай тік, жамбыға қадалған жебедей жылдам, қайсар сарынды болып келеді. Мәселен, «Жұмыр, Қылыш» күйінің тарихы қан қасап майдан тұсына тап келеді. 1838 жылы қанды көйлек серігі, «таудан мұнартып ұшқан тарланы» Исатай батыр өлгенннен кейін жалғыз қалған ақын бар күшін бойына жиып, ханнан кегін алу үшін Жайық бойындағы Байбақты еліне барады. Байбақтының Жұмыр (шын аты Садыр) және Қылыш деген батырларымен кездесіп, жолдас болады. Осылай жасырын жүрген ер Махамбет, жанына Жұмыр мен Қылышты ертіп, Байбақты елінің бір ауылында төрелермен кеңес құрып отырған Баймағанбет Айшуақовтың үстінен түседі. Махамбет пен Баймағанбет сұлтан алғаш рет бетпе-бет жүздеседі. Қапелімде ниетін іске асырмақ болып, Баймағанбет Махамбетті қолға түсіруге күш салады. Бірақ ержүрек жолдастары Жұмыр мен Қылыш батырды арашалап, топтан аман шығып бой тасалауына сеп болады. Қымқуыт осы бір оқиғадан әсерленген ақын жаңына ерген жігіттерге дән разы болып, «Жұмыр, Қылыш» атты күй шығарады.

Ал Құманғазының «Кедей зары» күйі қазақ халқының нәубетті, мехнатты тарихынынан сыр толғайды. Күйді 1962 жылы орындаған Мұхит Битенов туындының тарихын әңгімелеп берген. Күйшінің айтуынша Арқадан Жем-Сағыз арқылы еліне қайтқан Құрманғазы жолшыбай бір ауылға соғады. Ауыл шетіндегі қараша үйдің жанына келіп, сырттан дыбыс береді, бірақ іштен ешқандай жауап болмайды. Есесіне зарлап жылаған қайғылы үн құлағына жетеді. Құрманғазы қандай жағдайға тап болғанын білмек болып үйге енсе, егіліп жылап отырған кемпірді көреді...

Күйші көңілі жарым, қайғы бұлты жүзін торлаған кемпірден саулық сұрасып, жағдайын біледі. Сонда кемпір басына түскен ауыртпалықты баяндап қоя береді: «Жалғыз балам бар еді. Оған биіміз атымды ұрладың деп жала жауып, шабармандарына дүре соқтырып, сойылған жықты. Сол балам ақыры қамшының зардабынан қайта оңалмай қаза тапты. Енді осы үйде жалғыз қалып, зарлап отырған қу басым, шырағым», – дейді. Ананың қайғысына ортақтасқан күйші:

–Жыламаңыз шеше, жылағанмен кеткен адам қайта келмейді. Ел, жұрт, ағайын аман тұрса, сіз де қиыншылық көрмессіз, – деп шерменде көңілін жұбатады. Қарт ананы көріп, көңіліне қорғасын салмағындай мұң кірген күйші:

– Сорлы болған кедей, бәрінің де күні осы ғой, – деп, «Кедей зары» атты күйін толғана тартқан екен деседі. Күйде бір ғана адамның тарихы емес, ұлт басына түскен ауыртпалықтардың зары көрініс береді.

Дина Нұрпейісованың «Қарақасқа ат» күйі биік аңсардан, сағыныштан, кеудені кернеген алапат сезімнен туған шығарма. Динаның әкесі Кенже сүйікті қызы Динаны ұзатқанда қызының басқа жасауларымен бірге, үш болысқа атағы шыққан, Қарақасқа деген атын қосып береді. Атқа аса құмарлығы болмаса да, күйші әкесінің берген тартуын құрметтеп, баптап бағады. Қарақасқа ат өзінің жас кезін, бақытты шағын еске түсіретін ескерткіш секілді сезім тудырады. Әкесі Кенже бірнеше жылдан соң өмірден озады. Дина күйшіге Қарақасқа ат тұтқынға түскендей, өз ауылын сағынып тұрғандай көрінеді. Текті жануар сүйікті әкесінің көзіндей ыстық еді. Кенже қызының домбырашы болғанына сүйініп, қуаттап отыратын. Бірде Қарақасқа ат ауырып, ажал құшады. Күйші бақытты жастығының тілсіз куәсіндей жануардан айрылғанына қайғырып, оған арнап күй шығарады. Күйдің басынан аяғына дейін ерекше сүйіспеншілік сезім, жан жылылығына толы аңсар, сағыныш айқын суреттеледі. «Қарақасқа ат» күйі – қамсыз бақытты жастық шақтың, кіндік кесіп, кірін жуған туған жермен терең байланыстың, қайта бұрылмас жаз дәуреннің, іңкәрлік пен сүйіспеншіліктің ескерткішіндей тұғырлы туынды.

Коллажды жасаған Зәуреш СМАҒҰЛ, «EQ»

Дәулеткерейдің «Жігері»

Дәулеткерейдің «Жігерін» тыңдап, тереңіне бойлай алған адам дүниеге қалай қарайды деп ойлайсыз? Тіпті тереңіне демей-ақ қояйық, ептеп-ептеп түйсінуге жеткен жүрек иесінің өзі осал болмасына бәс тігер едік. Негізі күйді түсінеді дегеннен гөрі, түйсінеді, сезінеді деген оңдырақ шығар. Бірақ дүниенің бәрі сол сезінуден тумай ма? Егер қазақ тыңдармандары өзінің төл мәдениетінің шаңырағын көтерген қадау-қадау ілкі туындыларымен ауызданып өскенде, біздің бүгінгі жағдайымыз қазіргіден көш ілгері болар еді ғой. Әрине, қазақ өнеріндегі оқшау тұлға, оның ішінде саз әлеміне орасан зор олжа салған Дәулеткерей Шығайұлының музыкалық мұрасына келгенде осылай деуге мәжбүрміз.

Жәнібек ӘЛИМАН,
«Egemen Qazaqstan»

Дәулеткерейдің күйі «Жігер» туралы жазбаған өнертанушы аз. Аты айтып тұрғандай шығарма тереңнен тыныс тарта отыра, рухыңды шынықтырады. Былайша айтқанда, сана-сезіміңді тәрбиелейді. Тебіреніске толы мұнша туындыны шығарған жүректің қазынасына еріксіз қайран қаласың. Кемелдігіне бас иесің. Содан барып, тыңдай-тыңдай туынды туралы іздене бастайсың. Ақсүйек Бапас (Дәулеткерей) кешкен таза да текті тағдыр тәнті етеді. Оны біз жазушы, күйші Таласбек Әсемқұлов пен кеменгер Асқар Сүлейменовтің *әңгімесінен жете тани* түсеміз, басқасын айтпағанда.

«Тәттімбетті батыстың қай композиторына ұқсастырар едің? Бұл жерде мен форманы айтып тұрғаным жоқ. Тек қана рух және әр композитордың өз елі үшін мәні, осыны ғана айтып отырмын» дейді Асекең.

Таласбек Әсемқұлов болса Шопен мен Григті қосса Тәттімбетке татып қалатынын айтады.

– Ал Дәулеткерей... кімге ұқсайды?

– Тектілігі, адамгершілігі, ізгілігі, кірпияз бекзаттығы жағынан оған тең келетін адам жоқ, – дейді Сүлейменовтің сұрағына Т.Әсемқұлов. Толқып кеткен Асекең «Браво!» десе керек.

Әңгіме осыншама даңғайыр тұлға Дәулеткерейдің «Жігеріне» келгенде біз мына оқиғаға соқпай тағы кете алмас едік. «Жігер» туралы кезінде А.Затаевич, А.Жұбанов, тағы басқа мен деген қазақ музыкатанушылары жазғанын білеміз. Ал шығу тарихына қатысты мына бір сөзге тоқталмай өтуге бола ма?

«Исатай мен Махамбет өлгеннен кейін Құрманғазы көпке дейін төрелермен қырғиқабақ болып жүріпті. Дәулеткерейдің де шабармандарына айбат шегіп, талай рет айтатынын айтыпты. Күндердің күнінде Құрманғазының ауылына Дәулеткерейден хабаршы келді, төре бүкіл домбырашыны өзінің ақ ордасына қонаққа шақырып жатыр. Бірақ бұл шақырыстың бір шарты бар, «Егерде Құрманғазы бұрынғы күрең қабағын қойып табалдырығымнан аттаса ғана басқалар шақырылады деп сәлем айтты төрем», дейді шабарман. Құрманғазы ары ойлап, бері ойлап, ақырында Дәулеткерейдің ауылына аттаныпты. Төре қонақтарды жатқызып қойып көпке дейін келмепті. Ақыры бір аптадай жатып, қонақтар ақылдасыпты. Осылай қымыз ішіп, ет жеп жата береміз бе, Бапас енді көрінбесе, ауылымызға қайта береміз десіпті. Сонда ғана Дәулеткерей қонақтарына келіп сәлем беріпті. Жұмысбасты болғанын айтып кешірім сұрап, қонақтармен мәжіліс құрып отырыпты. Содан домбырасын алдырып, құлаққүйін келтіріп айтты дейді. «Жамиғат, мен сендерді үлкен бір себеппен шақыртып едім. Жаңадан екі күй шығардым. Менің сыншым сендерсіндер. Сендер не айтасыңдар — сол болады. Топан және Жігер деген екі бүркітім бар еді. Аңға шыққанда сол екеуінен бірдей айырылдым. Біреуі тасқа түсіп өлді, біреуін көкжал қасқыр шайнап өлтірді. Міне, сол күйді тыңдаңдар». Бүкіл Бөкейдің күйшілері таңғажайып екі күйді тыңдап, ұнатып, сол жерде жаттап үйреніп, елді-елге таратып алып кетіпті. Басқалар аттанып жатқанда Құрманғазы төренің ауылында қалып қойыпты. Келесі күні жолға шыққанда, Дәулеткерей төреде жоқ әдетпен қонағын бір көш жерге шығарып салыпты. Сонда ауылдан ұзағаннан кейін Құрманғазы дүрс етіп аттан түсіп, Дәулеткерейдің үзеңгісінен ұстап тұрып кешірім сұрапты. Сөйтсе бұл екі күй, шындығында Исатай мен Махамбет сынды екі қыранға арналған екен ғой. «Мен ақ патша мен қазақтың арасындағы дәнекермін. Ал Исатай мен Махамбеттей ерлерім өлгенде мен де осы алаш құрлы қайғырдым. Мені сөкпеңдер» дегені екен ғой Дәулеткерейдің.

«А.Затаевич бұл күйге аса жоғары баға береді. Ол Чайковскийдің «Патетикалы симфониясының» төртінші бөлімімен теңейді. Шынында да «Жігер» күйі – өте терең, музыкалық тілі бай, құрылысы ерекше, интонациялық жағы таңғаларлық, дамуы, мелодикасы, динамикасы көп күйде кездеспейтін жан-жақты, үлкен философиялы шығарма» деп бағалайды Ахмет Жұбанов.

Иә, біз тануға тырысып жүрген «Жігер» осылай екен. Өкініштісі – сана-сезімін бір, асса екі тактылы даңғаза мен шуға құрылған әуенсымақ тұсаулаған бүгінгі тыңдарман бұған құлақ құрышын қандыра алмайтындығында.

Ағайынды қоңыр қаз

Белгілі қаламгер Бауыржан Омарұлының Сыр өңірінің мықты журналистері Шәкірат және Шәкізат Дәрмағамбетовтер туралы «Ағайынды қоңыр қаз» атты эссесі бар еді. Газетке шыққанда қызығып оқығанбыз. Содан жадымызда қалған. Біздің бүгінгі кейіпкерлеріміз де осы жандарға ұқсас. Бірақ олар сөз емес, саз өнерінің саңлақтары – ағайынды Абдуллиндер.

Азамат ЕСЕНЖОЛ,
«Egemen Qazaqstan»

Жақында отандық арналардың бірінен ағайынды Абдуллиндер туралы хабар көрсетілді. Сонда олардың өмірі мен шығармашылығы туралы кеңірек баяндалды. Арасында өздері шырқаған әндері де берілді. Әсіресе мені қос әншінің қарапайым болмысы ғана емес, олардың дауысының тау суындай тазалығы мен даладай кеңдігі қатты таңғалдырды. Шынымды айтсам, ғажайып күйге бөледі. Көктемнің ерке самалын жұтқандай әсерде болдым. Сол кезде мұндай дарындарға өнер тумысынан даритындығына көзім жетті.

Ағайынды Абдуллиндер – ұлттық ән өнеріне соны леп әкеліп қана қоймай, оны жаңаша биікке көтерген талант иелері. Әсіресе қос тұлғаның қазақ операсы мен ән өнерінің қалыптасуына сіңірген еңбегі ерекше. Белгілі театртанушы Амангелді Мұқан «Ағайынды Абдуллиндер» атты мақаласында Ахмет Жұбановтың Мүсілім туралы айтқан естелігін келтіреді. Онда ол жас талапкердің есту дәрежесінің жоғарылығы мен ән ырғағын бір қалыпты ұстаудағы нақтылығына және бір айтқанды бұлжытпай қағып алатын құймақұлақтығына таңғалғанын айтады. Академик қалада оқып жүрген Мүсілімді мықты виолончелист жасамақ болғанымен, оның табиғи дауысының аса сұлу екенін аңғарып, жеке әншілер класына ауыстырғанын баяндайды. Сондай-ақ мақала авторы Мүсілімнің өзінен жиырма минут кейін дүние есігін ашқан Ришатқа жол бастап отырғандығын сөз етеді.

Жалпы екеуінің өмірі мен өнерін бірбірінен ажырата алмайсыз. Абдуллиндер 1916 жылы Өскемен қаласында өмірге келген. Екеуі де бала күнінен өнерге жақын болып өседі. Мүсілім он бес жасында Алматыда ашылған музыкалық-драма техникумына оқуға келсе, оған бір жылдан кейін Ришат келіп түседі. Одан кейін екеуі де Мәскеу консерваториясына оқуға қабылданып, профессор А.И.Вишневскийдің класында оқиды.

Жақсылар мен жайсаңдар жиналған оқу ордасында өнер тарландарының дәрісін тыңдап, тәжірибелерін ұштайды. Кәсіби музыкант дәрежесіне көтеріледі. Консерваторияны тәмамдағаннан кейін екеуі де Абай атындағы Мемлекеттік академиялық опера және балет театрына солист болып орналасады. Содан бастап қос әншінің өнердегі жұлдызды жолы басталады. Негізі, Мүсілімнің дауысы лирикалық тенор болса, Ришаттың дауысы – баритон. Ағайынды Абдуллиндер аталған бекзат өнер ордасында қазақ, орыс және еуропа композиторларының опералық шығармаларындағы жетекші партияларды орындап, жұртшылыққа танылды. Мәселен, Мүсілім Абдуллин « Евгений Онегинде» – Ленскийді, «Қыз Жібекте» – Төлегенді, «Жалбырда» – Қайрақпайды, «Ер Тарғында» – Балпанды, «Абайда» – Әзім секілді қайталанбас бейнелерді сомдаса, Ришат Абдуллин « Евгений Онегинде» – бас кейіпкердің өзін, «Демонда» – Демонды, «Травиатада» – Жермонды, «Кармендеде» – Эскамильоны, «Даисиде» – Киазоны, «Абайда» – Абайды, «Ер Тарғында» – Ер Тарғынды, «Біржан-Сарада» – Қожағұлды, «Назугумде» – Гульматты келісті ойнап, көрермендер ықыласына бөленді. Сонымен бірге екеуінің 1948 жылы Мәскеуде өткен қазақ өнерінің он күндігі аясында қойылған «Абай» операсындағы орындаған партиясы мәскеулердің көңілінен шығып, ел мерейін өсірді.

Сондай-ақ оларды ән өнеріндегі дуэт жанрының алғашқы қарлығаштары деп айтуға болады. Қос әнші сахнада қазақ, татар және орыстың халық әндерімен бірге Евгений Брусиловский, Бақытжан Байқадамов, Сыдық Мұхамеджанов, Шәмші Қалдаяқов және тағы басқа композиторлардың жаңа жазылған шығармаларын орындап, елдің жүрегінен жол тапты. Өнердегі еңбектері де жоғары бағаланып, Ришат Абдуллин КСРО халық әртісі болса, Мүсілім Абдуллин Қазақстанның халық әртісі атанды.

Бір сөзбен айтқанда, қазақ өнері тарихында есімдері алтын әріппен жазылған ағайынды Абдуллиндердің ғажайып дауысы әлі талай сан ұрпақтың жүрегін тербетіп тұратыны анық.